

11.03.2020 ж.

Құтты болсын ұлы күні ұлыстың!

Жарқыра, жайна, Әз-Наурыз!

Қабағы жаудың түйілісін.

Береке-байлық, дәм-тұзың,

Халқыма мәңгі бұйырсын!

Қысты көктем алмастырып, күн шұғыласынан нәр алып, табиғат оянып, адам өмірі жаңа мәнге толатын, тамаша көктем мерекесі Наурыз да келіп жетті. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын, тіршіліктің жаңаратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейтін кезені. Қазақстанның ең сүйікті және ауқымды мерекелерінің бірі – Наурыз!

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

Ұлы мерекенің қарсаңында кітапханамыздың абонемент бөлімі оқырман қауымды ырысты, берекелі мерекесімен құттықтай отырып «Құтты болсын ұлы күні ұлыстың» атты кітап көрмесін ұсынады.

Көрмемізден «Қош келдің Наурыз», «Нау мен Ырыс», «Әлем халықтарының тағамдары», «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» жайлы сонымен қатар, «Халқы мықтының салты мықты», «Дәстүрлі атаулар», «Тал бесіктен жер бесікке дейін», «Ұлттық киімдер» сынды жинақтардан керегіңізді таба аласыздар. Наурыз жайлы жылы лебіздермен әсемделген көрмемізді көріңіздер, оқи жүріңіздер.

Наурыз! Бұл күні қазақтың сайын даласын Қыдыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы жібіп,

қасиетті қара жер бусанады. Ұлы дала төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды жасылды кілем төселеді. Қазақ халқы жеті түрлі



дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт –дәстүр, әдет-ғұрыптарды ұлықтап ай бойы Ұлыстың ұлы күнін тойлайды. Бұл мереке тіршіліктің дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын ағайын!